

№15 шағын жинақты бастауыш мектебінің педагог-психологының 2020-2021 оқу жылындағы жұмыстары

Қыркүйек айының 2-3-күндері аралығында мектептегі педагог-психологтың жылдық жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарыла бастады. Жоспар «Түркістан облысы әкімдігінің 20 сәуірдегі №111 қаулысындағы бекітілген» ережелерге сәйкес құрылған, толығымен соған сәйкес іске асырылып отыр.

Мектептегі психологиялық қызмет төмендегідей бағыттар бойынша іске асырылады:

- ✚ Психологиялық сауықтыру;
- ✚ Психодиагностикалық;
- ✚ Психокоррекциялық;
- ✚ Психологиялық кеңес беру;
- ✚ Әлеуметтік-диспетчерлік (ата-аналармен, сынып жетекшілермен, сұраныс, ұсыныстар болған жағдайда);
- ✚ Аналитикалық іс-әрекет (яғни туындаған проблемалық себептердің ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру, педагогикалық процеске қатысушыларға кешенді ұсыныстар жасау).

Жоспарға сәйкес қыркүйек айының 4-күні 1 «А», «Ә» сынып балаларының мектепке психологиялық дайындығын байқау, сырттай бақылау жұмыстары жүргізілді. Оқушыларды сырттай бақылау арқылы олардың біркатар ерекшеліктерін анықтауға болады.

Психологтың жұмысының нәтижелігі, көбінесе сырттай бақылау болып табылады, біріншіден, бұл әдіс оқушы туралы көптеген мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, екіншіден, оқушы өзін еркін ұстаған жағдайда ғана шынай қасиеттерінің қырларын көрсете бастайды.

Қыркүйек айының 10-13-күндері 1-сыныптардың мектепке дайындығын анықтау бойынша Керн-Йерасек тесті алынды. Негізгі 4 тапсырма берілді:

1. Әңгімелесу (нақты сұрақтарға сәйкес);
2. «Ер адамның суретін салу»;
3. Сөздер көшірмелері;
4. Нүктелер көшірмелері.

Осындай төрт тапсырмаға сәйкес оқушының жалпы даму дейгейі анықталады.

1-сыныптарға жүргізілген тапсырмалар негізінде алынған нәтижелер төмендегідей:

1 «А» сыныбы: 65%

1 «Ә» сыныбы: 72%

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 1-сынып оқушылары арасында үлгерімі төмендеу, тіл дефектісі бар, мінез-құлқында ерекшелігі бар бірқатар балалар анықталды, атап айтсақ:

1 «А» сыныбы, сынып жетекшісі: Халбаева Ж.

Үлгерімі төмендеу, яғни психикалық даму процестері өз жас ерекшелігіне сай емес:

1. Жұмаділла Мейірлан

1 «Ә» сыныбы, сынып жетекшісі: Шыршықбаева Р.

Үлгерімі төмендеу, яғни психикалық даму процестері өз жас ерекшелігіне сай емес:

1. Егенберген Гүлназ;

Кейбір әріптерді анық, таза айта алмайтын балалар да анықталды, диагностикалық жұмыстар нәтижесінде анықталған балалар:

1. Жұмаділла Мейірлан – «р», «л», «с» әріптерін анық айта алмайды.
2. Егенберген Гүлназ – «Л» мен «Р» әріптерінің орындарын ауыстырып айтады.

Осындай тәртіппен анықталған оқушылар:

1. Амангелді Нұрасыл – үлгерімі төмен – 1 «Ә»
2. Құрбан Әбумансұр – 1 «Ә»
3. Жұмаділла Мейірлан – 1 «А»
4. Сұлтанбек Құралай – 1 «А»
5. Ташболат Аида – 1 «Ә», (тұйық бала).

Аталған сыныптағы тіл дефектісі бар балаларға тоқтала кетсек, тіл дефектісі бар балалар анықталды, бірақ мұндай балаларға нақты диагноз қою, оларды түзету-дамыту жұмыстары педагог-психологтың тікелей міндеттеріне кірмейді, бірақ та бұл мағлұматтарды оқушылардың ата-аналарына хабарлау, түсіндіру, тиісті мекемелерге бағдар беру психологтың құзырындағы жұмыстар болып табылады. Осыны ескере

отырып, анықталған оқушылардың ата-аналарына қажетті кеңестер берілді, түсіндірмелік жұмыстар жүргізілді.

Ұсыныс: мектепке бейімделуі төмен оқушыларға ерекше зейін аударып, оларда оқуға деген жағымды қатынас орнату, өзін-өзі бағалауы төмен оқушыларда өзіндік бағасын жоғарылату үшін қолдап, жағдай жасауға көмектесу, төмен ұпай жинаған оқушыларда танымдық мотивацияны дамыту, оқушылардың мектепке деген қатынасын оң арнаға түсіру, мектептік өмірге үйрету қажет, ол үшін бала мектепке білім алып тәрбиелену үшін келетінін үнемі айтып отыру қажет, оқушыларда кеңістіктік байланыстар орнату қабілетін, көрнекілік қабылдау дәлдігін дамытқан жөн.

«Бестерек» жобасының 1-ші кезеңі: Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау мақсатында: «Кәбинеттік талдау» жүргізіліп, анықталған оқушылар мектепішілік тәуекел тобына 0-оқушы, сары-0 оқушы деңгейіне тіркелді.

Жылдық жоспарға сәйкес қазан айында мынадай жұмыстар жүргізілді: Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 2-4 сынып аралық «Менің арманым» тақырыбында «эссе» жұмысы алынды. Эссе жазу жұмысы бойынша сынып жетекшілер қорытынды жасап, оқушылардың арманының болуы, өмірге келешекке деген көзқарастарының позитивті екендігін нақтылап көрсетіп өтті.

1-4 сынып аралық оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша түзету-дамыту жұмыстары, оқушылармен «Достық туралы» сергіту ойын-жаттығулары жүргізілді. Тренинг барысында оқушылардың арасындағы жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, адал дос болуға, әдептілікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар өз ойларын ашық айтып, жаттығуларды көңілді орындады. Психологиялық кедергілер болмады.

Оқушылармен жеке және топтық жұмыстар (кеңестер, жаднамалар, әңгімелер) және ата-аналар мен сынып жетекшілердің сұраныстары бойынша оқушылармен әңгіме жүргізіліп, оқушылар бақылауға алынып, түзету сабақтары жүргізілді.

Үйде оқитын оқушыларға танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында ойын-жаттығулар жүргізілді.

3-4 сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ата-аналарға «Үйде баланың білім алуын қалай ұйымдастыруға болады» деген тақырыпта түсіндірмелер жүргізілді.

Қараша айында : (Бестерек жобасы бойынша «Менің отбасым» арттерапия әдістемесі 2-4сыныптардан алынды. Арттерапия әдісі бойынша қорытынды шығарылып анықтама жазылды.

Бастауыш сыныптар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша «Әлімжеттік не екенін білесіңбе?» видеоролик көрсетіліп ,түсіндірме жүргізілді.

«Ұжымдағы моральдық-психологиялық климат-нәтижелі қарым-қатынас негізі» тақырыбында ұжымға тренинг жаттығулар жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша ата-аналарға түсіндіме жүргізіліп ,зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында тренинг жаттығулар жүргізілді.

Желтоқсан айында: Бастауыш сынып оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша әңгіме, түсіндірме кеңестер берілді.

Жас мамандармен мектепте «Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

Аталған жұмыстар бойынша анықтама, хаттамалар қажетіне қарай жазылды

Қаңтар айында аталған мектепте ата-аналармен, жас мамандармен және бастауыш сынып оқушыларымен жоспар түзіліп психологиялық қызмет көрсетілді. Оқушылардың танымдық қабілеттерін анықтау үшін тестер және бастауыш сынып оқушыларының темпераментін анықтау тесті, нәтижесі өңделіп, анықтама жазылды.

Түзету-дамыту жұмыстары бойынша зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша ата-аналармен «Балаңызбен дос, сырлас бола білесізбе?» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2-4сыныптар аралығында «Интернет сайттары» жайында түсіндірме жүргізілді. 4сынып оқушыларына интернеттің зияны туралы видеоролик көрсетіліп, әңгіме, түсіндірме жүргізілді. Сұраныс бойынша бастауыш сыныптар ата-аналарымен мұғалімдеріне жеке кеңестер берілді.

Ақпан айында «Психология әлемі» тақырыбында мектебімізде психология апталығы іс-шарасы өтіліп, сыныптарға, мұғалімдерге психологиялық қызмет көрсетілді. Бастауыш сыныптармен көңіл күйді реттейтін және достық қарым-қатынастарын нығайту, қобаржу мен қорқынышынан арылту мақсатында тренинг жаттығулар, ойындар жүргізілді.

ПМПК-ға баратын медициналық-педагогикалық комиссияға баратын балаларды зерттеп, диагностика жұмыстары жүргізілді. Балалармен кездесіп, ата-анасымен, пән мұғалімімен кездесіп сұхбат

жүргізілді. Нәтижесінде оқушыға педагогикалық-психологиялық мінездеме жазылды.

Түзету-дамыту жұмыстары бойынша бастауыш сыныптардың 2,3ші сынып оқушыларының сабаққа зейінін арттыру мақсатында «Зейінді арттыруға арналған жаттығулар» жүргізілді. Профилактика және психологиялық ағарту бойынша «Интернеттің пайдасы мен зияны» туралы 1,2ші сыныптарға әңгіме, түсіндірме жүргізілді.

4ші сынып оқушыларына ОЖСБ-ға дайындық мақсатында түсіндірмелер жүргізілді. Аутоагрессияның алдын-алу бойынша ата-аналармен «Балалаық кезеңнің психологиялық ерекшеліктері» туралы видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме, кеңестер берілді.

Наурыз айында ПМПК-ға баратын оқушыларға педагогикалық-психологиялық мінездеме жазылып берілді.

Көктем мерекелеріне байланысты 1-4 сыныптар арасында «Ең үздік бейнетілек» ұйымдастырылып, өткізілді.

Сәуір, мамыр айларына айлық-апталық жоспарлар түзіліп, психологиялық қызмет бойынша жұмыстар жүргізілді. Сәуір айында МАД тобының оқушыларымен «Мектепте оқуға даярлығын анықтау» Керн Иерасек тесті алынып, нәтижесі шығарылып, мектеп әкімшілігіне хабарланды.

4сынып оқушыларымен 5ші сыныпқа орта буынға өтуге дайындау мақсатында «5ші сынып дегеніміз не?» тақырыбында әңгіме, түсіндірме тренинг жаттығулар өткізілді.

1-4 сынып ата-аналарымен «Отбасындағы ахуалды әлеуметтік психологиялық реттеу және нығайту жолдары» тақырыбында кеңестер беріліп, әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында бастауыш сынып оқушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алуы бойынша «Өлім жеттікке тап болсаң өзінді қалай ұстауың керек?» (3-4 сыныптар)

Жалпы мектеп оқушыларына, ата-аналар мен мұғалімдермен жеке кеңестер жүргізілді. Аталған жұмыстар бойынша анықтамалар мен хаттамалар қажетіне қарай жазылды.

2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстар есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психологпен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен ұстаздың

балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен тығыз байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

Педагог-психолог: М.Кайназарова